


Химия өнеркәсібі бойынша дайджест 2020 жылғы қаңтар-шілде




САЛАНЫҢ НЕГІЗГІ
КӨРСЕТКІШТЕРІ



Өндіріс көлемінің динамикасы

Өндіріс көлемінің құндық көріністе ұлғайғандығы байқалады




Түсінік:

ҚР ҰЭМ СК оперативті деректеріне сәйкес 2020 ж. қаңтар-шілдеде ФКИ 3,6% өскендігі байқалады, 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда құндық көріністе өндіріс көлемі 3,8% өсті. Өндіріс көлемінің заттай көріністе ең жоғары өсуі: аммиак 27,8%, азот тыңайтқыштар 18,8%, бастапқы формадағы стирол полимерлері 11,8%, жуғыш заттар 8,6%, фосфор тыңайтқыштары 6,1%.

Өндіріс көлемінің заттай көріністе төмендеуі: цементке арналған қоспалар 33,8%, каустикалық сода 30,8%, полимер негізіндегі бояулар мен лактар 28,0%, көміртегі диоксиді 26,4%, күкірт қышқылы 7,0%.


Құндық көріністе Жамбыл, Атырау және Қарағанды облыстары сияқты ірі өнеркәсіптік орталықтар көшбасшылар қатарында, олар 101,5 млрд тг, 33,2 млрд тг және тиісінше 28,3 млрд тг өнім шығарды.

Өңірлер кесінінде 2020 ж. қаңтар-шілдеде өндіріс көлемі, млрд теңге



**Негізгі өнім түрлері өндірісінің 2020 ж. қаңтар-шілдеде
2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда көлемі**


Ағымдағы кезеңде фосфор және азот тыңайтқыштары, аммиак өндірісі көлемінің өскендігі байқалады



2020 жылғы қаңтар-шілдеде каустикалық сода, полимер негізінде бояу және лак, көміртек диоксиді, сондай-ақ, цементке арналған қоспалар өндірісі көлемінің едәуір төмендегені байқалады




САУДА ЖӘНЕ САТУ НАРЫҒЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ



Экспорт

ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҚМ МКК оперативті деректері бойынша 2020 ж. 6 айда химия өнімінің экспорты құндық көріністе 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда 16,9 төмендеді. Полипропилен, аммоний нитраты және басқа да NP-тыңайтқаштар сияқты тауарлар бойынша заттай көріністе өсу байқалады.

Өнім	\$ млн.	2020/2019	мың тонна	2020/2019	Экспорт үлесі, %
Сары («ак») фосфор	111,7	+0,3%	44,1	-1,1%	23,3%
Сублимацияланған немесе коллоидты күкірттен басқа барлық күкірт түрлері	93,1	-51,6%	2059,0	-1,6%	19,4%
N-кислота	54,3	+65,7%	105,4	2,6 есе	11,3%
Басқа да NP-тыңайтқыштары	40,9	+6,4%	149,8	+23,7%	8,5%
Хром оксиді және хлориді	29,3	-11,9%	14,9	-3,4%	6,1%
Хром триоксиді	11,3	-16,2%	6,3	-5,5%	2,4%
Инсектицид	11,1	2,6 есе	0,1	+5,3%	2,3%
Полипропилен	9,6	-25,2%	10,3	-4,6%	2,0%
Кальций карбиді	9,0	+15,3%	9,4	-16,5%	1,9%
Аммоний нитраты, соның ішінде, су ерітіндісінде	8,8	-3,8%	53,2	+39,5%	1,8%



Импорт

ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҚМ МКК оперативті деректері бойынша 2020 ж. 6 айда химия өнімінің импорты құндық көріністе 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда 0,8% өсті. Заттай көріністе 235 уранмен байытылған уран, құю қалыбын өндіруге арналған дайын байланыстырушы заттар импортының елеулі өскендігі байқалады.

Өнім	\$ млн.	2020/2019	мың тонна	2020/2019	Экспорт үлесі, %
Гербицидтер, өскінге қарсы құралдар және өсімдіктердің өсуін реттегіштер	102,2	+33,7%	16,8	-90,7%	5,4%
-235 уранмен байытылған уран және оның қосындылары; плутоний және оның қосындылары	94,9	+2,9 п	0,1	+2,9 п	5,3%
Үлес салмағы 0,94 немесе одан да асатын полиэтилен	68,1	-11,9%	76,7	+26,4%	4,1%
Бөлшек сауда үшін өлшеп салынған жуғыш, тазартқыш белсенді заттар (3401 тауар позициясынан басқа)	66,1	-13,6%	71,7	-60,3%	4,0%
Құю қалыбын өндіруге арналған дайын байланыстырушы заттар...	52,6	-8,6%	42,1	+3,0 п	2,9%
Диагностикалық немесе зертханалық реагенттер	39,6	+48,9%	0,5	-22,7%	2,5%
Хош иісті заттардың қоспалары....	39,3	+9,1%	1,6	+18,2%	2,5%
Басқа да косметикалық заттар	35,4	-1,0%	5,1	+15,1%	2,4%
Динарий карбонаты	34,1	-1,7%	154,6	-9,0%	2,3%
Инсектицид	33,7	+3,5%	2,2	-9,3%	2,2%

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР
МЕН ОҚИҒАЛАР. ҚАЗАҚСТАНТЫҢАЙТҚЫШ ӨНДІРУШІЛЕРГЕ
УКРАИНА НАРЫҒЫН САҚТАП
ҚАЛДЫ

Украина Қазақстанның тыңайтқыштар импортына қатысты қорғаныстық тергеуді шаралар қолданусыз аяқтады.

«Қазинформ» МАА Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің баспасөз қызметіне сілтеме жасай отырып, хабарлағандай украинаның нарығы «Қазфосфат» ЖШС және «ҚазАзот» АҚ қазақстандық компанияларымен өндірілетін тыңайтқыштар үшін негізгі сату нарықтарының бірі болып табылады.

«Қазақстанның минералды тыңайқыштарды Украинаға орташа жылдық экспорты шамамен 41 млн. долларға 110 мың тонна минералды тыңайқышты құрайды.

Бұндай нарықты жабу отандық кәсіпорындарға теріс әсер етуі мүмкін», - делінген ҚР СИМ хабарламасында. Тергеу жүргізілген барлық кезеңде Қазақстанның Сауда және интеграция министрлігі қазақстандық зауыттардың мүдделерін білдіре отырып, Украинаның уәкілетті органымен тығыз ынтымақтаста болды. Министрліктің бастамасы бойынша қазақстандық тыңайтқыштарға квота беру немесе қазақстандық тауарды шара әрекетінен шығару мәселесі қаралды. Қазақстандық тарап Украинаның уәкілетті органының шешімін сот тәртібінде дауласу мүмкіндігін жоққа шығармады. Алайда, келтірілген дәлелдер мен украинаның саласындағы жағдай өз әсерін тигізді және нәтижесінде қорғаныс шаралары қабылданбады.

Жүргізілген жұмыс нәтижесінде қазақстандық компаниялар экспортты дәстүрлі сату нарығына жалғастыра алады.

Дереккөз: inform.kz

АВТОШИНАЛАР ШЫҒАРАТЫН
ЗАУЫТ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінде автошиналар өндіру бойынша зауыт құрылысы басталғандығын хабарлады.

Жаңа өндіріс Қарағанды облысында ашылады. Ақпаратқа сәйкес оны ісе асыру 56 млрд теңгеге бағаланып отыр.

"Doublestar автошиналар өндіру бойынша зауыт құрылысы басталды. Кәсіпорында жеңіл техника үшін 3 млн шина, 600 мың – коммерциялық техника мен автобустар үшін 600 мың шина өндіруді жолға қояды", – дейді LS.

Жобаны іске қосу есебінен мыңға жуық жұмыс орны ашылатындығы айтылған.

Бұған дейін Қазақстанда құны 56 млрд теңге жаңа өндірісті жолға қою жоспарланғандығы туралы хабарлады. Сонымен қатар, Сарандағы бұрынғы резеңке техникалық бұйымдар зауыт алаңында индустриялық жобаларды, соның ішінде, жиынтықтауыш құралдар мен компоненттерді шағын кәсіпорындардың іске асыруы үшін дайын өндірістік орынжайлар кешені (Ready Built Factory) ашылатын болады.

Бұған дейін LS өңірде Yutong автобустары мен арнайы техникасын жинауды ұйымдастыру жоспарланғандығын хабарлады. Жобаға инвестиция көлемі 22 млрд теңгені құрайды, кәсіпорын қуаты – жылына 1,2 мың автобус және 500 бірлік арнайы техника мен арнайы көлік.

Дереккөз: ism.kz

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ТМД



БЕЛАРУСИЯДА АНТИСЕПТИКТЕРГЕ ҚҰЖАТТАР БЕРЕТІН БОЛАДЫ

Беларусияда Монополияға қарсы реттеу және сауда министрлігі (МРСМ) зарарсыздандыру құралдарына растау беретін болады.

Бұндай өнімді Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) аумағынан шығару үшін қажетті құжаттар туралы айтылып отыр.

Құжат антимонополияға қарсы ведомство зарарсыздандырғыш құралдарды ЕЭО тыс шығаруға растаулар беруді көздейді.

Осындай тауарларға дефицит туындаған жағдайда мемлекеттік органдар мен жергілікті билік зарарсыздандырғыш құралдарды шығаруға рұқсат құжаттарын беруді тоқтату туралы өтінішпен МРСМ-ға жүгіне алады.

Астаналық әкімдік өтініштерді кері қайтарып алу туралы министрлікке хабарлауы тиіс.

МРСМ өнімнің бір партиясына рұқсаттар беретіндігі атап өтілген.

Егер ұйымның қоймаларында зарарсыздандырғыш құралдарды Беларусь нарығында сатудың орташа айлық деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін көлемінде қор болмаса, растау бермеуі мүмкін.

Қаулы ресми жарияланған сәттен бастап осы жылғы 30 қыркүйекке дейін әрекет етеді.

Дереккөз: belnovosti.by



ҚОҚАН СУПЕРФОСФАТ ЗАУЫТЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР АЛАДЫ

Сингапур корпорациясы International Finance Corporation (IFC) және European Bank Reconstruction and Development (EBRD) жалпы сомасы 25 млн. долл. кредиттік келісімге қол қойды. Қаражат Қоқан суперфосфат зауытын екі кезеңнен тұратын жаңғырту жобасын іске асыруға бағытталатын болады. Бірінші кезеңде суда еритін тыңайтқыш өндірісі жолға қойылатын болады, ал, суперфосфат өндіру көлемі жылына 100 мың тоннадан 350 мың тоннаға дейін жеткізіледі. Екінші кезеңде кәсіпорында дикальцийфосфат, калий сульфаты және күкірт қышқылы өндірісін жолға қою ұсынылады.

Қоқан суперфосфат зауыты 1935 жылы Жерой-Сардара кен орны фосфориттарын қайта өңдеу үшін ашылды. Былтыр Indorama оның 95,54% акциясын сатып алды.

Дереккөз: fertilizerdaily.ru

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ӘЛЕМ.



NUTRIEN АЛУДА AGBRIDGE САТЫП

Әлемдегі ең ірі калий карбонатын өндіруші және азот өндірісі бойынша көлемі жағынан екінші Nutrien канадалық компаниясы Деректермен сымсыз алмасу бойынша мамандандырылған жабдық өндірісі жөніндегі Agbridge компаниясын сатып алу туралы хабарлады. Nutrien цифрлық шешімдер департаментінің басшысы Сол Голдфарбтың (Sol Goldfarb) айтуынша Agbridge сатып алу ауыл шаруашылық жабдығында БҚ соңынан пайдалануға мүмкіндік береді.

Деректерді жинау және wi-fi немесе ұялы желілер арқылы көрсету мүмкіндігі Agbridge БҚ негізгі ерекшеліктерінің бірі болып табылады.

Сатып алу Nutrien өсімдіктер жөніндегі мамандарының деректерді қабылдау және жіберу процесін де жеңілдетеді.

Agbridge бағдарламалық кешені көптеген ауыл шаруашылық жабдығы маркаларымен үйлесімді бола алады. Цифрлық егіншілік соңғы үш жылда Nutrien дамуының негізгі векторларының бірі болып қалады, компания басшысы Чак Магро (Chuck Magro) цифрлық технологияларды дамытуға жыл сайын 100 млн. долл. жұмсау ниеті туралы хабарлады. Биыл компанияның цифрлық шешімдерінің сатулары жалпы сату көлемінің 10% құрады.

Дереккөз: fertilizerdaily.ru



ҚЫТАЙДАҒЫ ШАНЬДУН ПРОВИНЦИЯСЫНДА ХИМИЯ КӘСІПОРЫНДАР ЖАБЫЛАДЫ

Қытай үкіметі елдің шығыс бөлігінде орналасқан Шаньдун провинциясында қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарға сәйкес келмейтін 1 мыңнан артық химия кәсіпорнын жабуды жоспарлап отыр, - де п хабарлайды ICIS.

Агенттіктің ақпараты бойынша Шаньдунда экологиялық талаптарға сәйкес келмейтін 1,34 мың химия өндірісі жабылды, сондай-ақ, ондаған өнеркәсіптік парк көшірілді. Енді тағы 1,034 мың кәсіпорынды жабу жоспарлануда.

Қазіргі уақытта Шаньдунда 85 мұнай-химия паркі жұмыс істейді.

Жергілікті химия өнімін өндірушілерді өндірісті өнеркәсіптік парктер аумағына ауыстыру қажеттілігі туралы хабарлады.

Провинцияда 4,58 мыңға жуық химия өндірісі жұмыс істейді, оның 1,458 мыңы өнеркәсіптік парктер шекарасында орналасқан.

«Жабу үшін түпкілікті тізімді анықтау үшін біз әр компанияның өндірісін әлі зерттеп, бағалаудамыз», - деп хабарлады агенттікке жергілікті үкімет өкілі.

Нақтыланған ақпарат бойынша жаңа тізімнің кейбір компаниялары өнім шығаруды тоқтатты, кейбірі – өндірісті экологияландыруға инвестиция құюды шешті.

Дереккөз: rupec.ru